



KAZ MINERALS PLC
6TH FLOOR
CARDINAL PLACE
100 VICTORIA STREET
LONDON SW1E 5JL
Tel: +44 (0) 20 7901 7800

2018 жылғы 2 тамыз

KAZ MINERALS ТОБЫ БАИМСКАЯ МЫС ЖОБАСЫН САТЫП АЛУДА

KAZ Minerals Ресей Федерациясы (РФ) Чукот автономиялы округындағы Баимская мыс жобасын сатып алу жөніндегі келісімнің жасалғаны туралы хабарлайды. Ол үшін ақшалай қаражат және акциялар түріндегі \$900 млн ақы төленеді, оның ішіндегі \$675 млн бастапқы ақы және \$225 млн кейінге қалдырылған ақы.

Жаһандық маңызы бар мыс жобасы

- Баимская – ашық типтегі кеніш негізінде төмен шығынды, әрі ауқымды мыс өндірісін құру әлеуеті бар әлемдегі игерілмеген ірі мыс алаңдарының бірі.
- JORC кодексі бойынша қазіргі ресурстары: 9,5 млн тонна мыс, кендегі мыстың мөлшері 0,43% және 16,5 млн унция алтын, кендегі алтынның мөлшері 0,23 г/т
- Алғашқы он жылдағы өндірістік күтіліп отырған жылдық орташа көрсеткіштер: шамамен 250 мың тонна мыс және 400 мың унция алтын, немесе мыс эквивалентімен¹ есептесек, 330 мың тонна. Кеніштің пайдалану мерзімі 25 жыл, операциялық шығындары бойынша шығындар жаһандық қисығында жоба бірінші кварталда және өндірістің алғашқы он жылында кендегі металдардың жоғары мөлшері жоғары болады
- Fluor инженерлік компаниясы жобаның алдын ала техника-экономикалық негіздемесін аяқтады
- Кенішті игерудің күрделі шығындары \$5,5 млрд² деп бағаланды және техника-экономикалық негіздемені жасау барысында пысықталады
- Жоба РФ-ның үкіметі экономикалық даму үшін стратегиялық маңызды деп анықтаған өңірде орналасқан. Мемлекет инфрақұрылымды дамытып, салықтық жеңілдіктер беретіндіктен жоба артықшылыққа ие болады деп күтіліп отыр
- Игеру стратегиясы, оның ішінде қаржыландыру көздерін және әлеуетті серіктестік амалдарын анықтау, техника-экономикалық негіздеме барысында анықталады
- Тартымды ішкі табыс нормасы (IRR) аясындағы таза келтірілді құнның (NPV) айтарлықтай өсімі күтіліп отыр

Мәміленің құрылымына шолу

- Ақының құрылымы жобаны іске асыруда сатушының қолдау көрсетуіне тұрақты түрткі болады және барлық акционерлердің мүдделерінің келісімін қамтасыз етеді
- Сатушы жобаны игерудің күрделі шығындарын қаржыландыруға қатыспайды. Бұл кейінгі қалдырылған ақының құрылымында ескерілген.
- Жобаның 75% үлесі үшін \$675 млн көлеміндегі алғашқы ақы
 - \$436 млн ақшалай қаражат
 - KAZ Minerals-тың 22,3 млн жаңа акциясы. Олар сатушыға немесе оның үлестес тұлғаларына шығарылады және ол қазіргі шығарылған акционерлік капиталдың³ құны \$239 млн⁴ болатын 5,0% құрайды. Олардың үш жыл бойы сатуға тыйым салынған
 - 2019 жылдың бірінші жартысында күтіліп отырған мәміленің алғашқы аяқталуы кезінде, монополияға қарсы және басқа да реттеуші келісімдерді алған соң, өзге де шарттар орындалғаннан кейін төленеді
- Жобаның қалған 25% үлесі үшін \$225 млн көлеміндегі ақшалай қаражат немесе акциялар⁴ түріндегі кейінге қалдырылған төлем
 - Жобаны іске асыру шарттары 2029 жылғы 31 наурызға дейін орындалған жағдайда коммерциялық өндіріске жеткен күнге сәйкес кейінге қалдырылған төлем KAZ Minerals-тың 21,0 млн дана акциясымен төленеді. Бұл қазіргі шығарылған акционерлік капиталдың³ 4,7% құрайды
 - Жобаны іске асыру шарттарына мемлекет тарапынан көліктік және энергетикалық инфрақұрылымды салу, федералды салықтық жеңілдіктерді ұсыну және Певек портынан жыл бойғы навигацияға қол жеткізу жатады

- Жобаны іске асырудың шарттары орындалмаған жағдайда кейінге қалдырылған төлем 2029 жылғы 31 наурыздағы шекті күнге \$225 млн ақшалай қаражатпен төленетін болады

KAZ Minerals Тобы Директорлар кеңесінің төрағасы Олег Новачук былай деп мәлімдеді: «Баимская жобасын сатып алу KAZ Minerals-тың трансформациясындағы келесі қадам болып табылады. Ресейдегі бұл жаңа жобаны игеру Топқа саладағы көшбасшылық өсімді жалғастырып, құн және көлем өсімін қамтамасыз етеді. Ал болжамға сәйкес бұл уақытта мыс нарығы ұсыныстың айтарлықтай аз болатын кезеңіне өтеді. Қазақстандағы Бозшакөл мен Ақтоғай сияқты жобаларды салу мен сәтті іске қосудың арқасында біз ауқымды жобаларды іске асыруда тәжірибе жинақтадық, осының арқасында KAZ Minerals бұл жаһандық маңызы бар активті игерудің мінсіз плафформасына айналды».

Мыс өндірісінің жоғары өсімін қамтамасыз ету

Бұл мәміле және Баимская мыс жобасын одан арғы іске асыру Топқа жоғары өсімін жалғастыруға мүмкіндік беріп, Топтың портфеліне ірі ауқымды, ұзақ мерзімді активті қосады. Мысқа сұраныс өсе түседі деп болжанып отыр. Оны экономиканың дамыған секторларымен қатар, сұраныстың жаңа көздері, айталық, жанданатын көздерден электр қуатын алу және электромобильдер өндірісінің артуы қамтамасыз етеді. Болжамдарға сәйкес жаңа жобалар салынбағандықтан мыс өндірушілерінің ұсынысы азайып, 2020 жылдан⁵ бастап сұраныс пен ұсыныстың балансы арта түсетін дефицит кезеңіне өтеді.

Жаһандық деңгейде операциялық шығындары тартымды жобалар өте сирек кездеседі. Көпшілік жобаларды игеруде қиындықтар басым, оның ішінде экологиялық, инфрақұрылымдық, құзыреттік және кадрлық тәуекелдер және жергілікті тұрғындармен қарым-қатынастағы тәуекелдер бар. Жаңа мыс жобалардың күрделі шығындары 2012 жылдағы шамамен \$32 млрд-дан 2017 жылдағы⁶ \$12 млрд-ға жуық көрсеткішке дейін айтарлықтай қысқарды. Бұл болжаным отырған мыс ұсынысындағы дефицитке жағдай жасап отыр.

Баимская жобасы KAZ Minerals-тың ТМД елдері аумағында ірі мыс жобаларын дамыту жөніндегі дәлелденген қабілетін пайдалана отырып, қосымша құнның өсімін қамтамасыз етудегі сирек кездесетін мүмкіндік беріп отыр.

Баимская жобасын шолу

Баимская жобасы РФ-ның Чукот автономиялы округында орналасқан және ашық типтегі кеніш негізінде төмен шығынды, әрі ауқымды мыс өндіретін тау-кен байыту комбинатын құру әлеуеті бар әлемдегі игерілмеген ірі мыс алаңдарының бірі. Баимская лицензиялы алаңының аумағында орналасқан Песчанка кен орынының ресурстары JORC кодексіне сәйкес бағаланып, 9,5 млн тонна мыс, кендегі мыстың мөлшері 0,43% және кендегі алтынның мөлшері 0,23 г/т болатын 16,5 млн унция алтынды құрайды. Іске қосылғаннан кейін жоба алғашқы он жылдағы күтіліп отырған жылдық орташа көрсеткіштер шамамен 250 мың тонна мыс және 400 мың унция алтын немесе эквивалентімен¹ есептесек, 330 мың тонна болмақ. Ал Топтың жалпы жылдық мыс өндірісі 2027-2036 жылдар аралығындағы онжылдық кезеңде 500 мың тоннаны құрайды.

Болжам бойынша кеніштің пайдалану мерзімі 25 жылды құрайды, ал екі кен байыту фабрикасындағы жылдық өңдеу көлемі жылына 60 млн тонна деңгейіне болмақ. Аршылымның 0,8 көлемі және ілеспе өнім ретіндегі алтынның жоғары көлемі, жалпы ақшалай өзіндік құнның төмендігімен қатар келгенде жаһандық шығындар қисығындағы бірінші кварталіндегі бәсекелігі жоғары таза ақшалай өзіндік құнды қамтамасыз етеді. Бастапқыда жоба Песчанка кен орынында шоғырланып, кейін лицензиялы аймақтың аумағында одан арғы барлаудың әлеуетін сақтайды.

		Есептелген	Болжамды	Перспективалы	Барлығы
Минералды ресурстар	млн т	139	1 289	774	2 202
Мыс	%	0,72	0,44	0,36	0,43
	млн т	1,0	5,7	2,8	9,5
Алтын	г/т	0,39	0,26	0,16	0,23
	млн унция	1,7	10,8	4,0	16,5
Күміс	г/т	4,0	2,4	2,0	2,4
Молибден	ч./млн.	140	120	90	110

Инфрақұрылым және мемлекеттік қолдау

Топтың Баимская кен орынын сатып алу туралы шешімі РФ Үкіметінің Қиыр Шығыс федералды округының инфрақұрылымын айтарлықтай дамыту жоспарымен үйлесіп отыр.

Жобаны құрылыс кезінде электр энергиясымен қамтамасыз ресейлік үкіметпен қаржыландырылып, қазіргі уақытта салынып жатыр. Магаданның жанындағы гидроэнергетикалық нысандарға қосу үшін 220 кВ электр желілердің құрылысына қаржы бөлінді – бұл кеніштің болашақтағы өндірістік қуатына жеткілікті. Мыс концентраты тұтынушыларға жобадан солтүстікке қарай 700 км қашықтықта орналасқан Певек портынан жеткізілетін болады. Бастапқыда кен орынға Певек портанынан келетін қысқы жол арқылы жетуге болады. Жыл бойында пайдаланылатын, әрі жобаны Певек портымен байланыстаратын жолды Ресей үкіметі салады, ал Топ құрылыс кезінде жобаның жанынан әуе қатынасын қамтамасыз етеді. Жобаның тағы бір артықшылығы - тұщы су қол

жетімді.

Жоба Озық қарқынмен әлеуметтік-экономикалық даму аумағы (бұдан әрі - ОДА) мәртебесіне ие болады деп күтіліп отыр. Бұл қазіргі «Бергинговский» ОДА-н кеңейту арқылы немесе Баимская жобасының аумағын қамтитын жаңа ОДА құру арқылы іске асады. Егер мұндай мәртебеге қол жеткізілсе, жоба алғашқы табысты алғаннан бастап, бес жыл бойы табыс салығынан босатылады. Одан кейінгі бес жылда жобаға табыс салығының төмендетілген мөлшерлемесі қолданылады.

Акция түріндегі кейінге қалдырылған ақының сомасы ОДА бойынша салықтық жеңілдіктерді бекітумен, мемлекет тарапынан жобамен көліктік және энергетикалық байланыстың құрылысымен және өндірістің коммерциялық деңгейіне жетуімен шартталған.

Жобаның бюджеті

Алдын ала техника-экономикалық негіздемені Fluor компаниясы аяқтады, KAZ Minerals-тың жобалық командасы жобаның кешенді талдауы негізінде оны қарастырды. Топ жобаны игерудің оңтайлы үлгісін жасау үшін мәміленің бастапқы аяқталуына дейін шектеулі шығындарды қаржыландыруға ниетті. Егер мәміленің бастапқы аяқталуы іске аспаса, оның ішінде реттеуші келісімдерге қол жеткізілмесе, сатушы тарапынан шығындарды келісілген шекте өтеу механизмі бар. Жалпы жобаны іске асырудың күрделі шығындары 2018-2026 жылдар аралығында шамамен \$5,5 млрд көлемінде бағаланып, техника-экономикалық негіздеме барысында пысықталады.

Қаржыландыру

Жобаның экономикасы және KAZ Minerals-тың жобаларды іске асырудағы абыройы қарызды қаржыландырумен айналысатын бірқатар ұйымдар қызықты болады деп күтіліп отыр. Топтың ірі мыс жобаларын қаржыландыруға қарыз қаражатты тартудағы тәжірибесі мол. Күрделі шығындарды 2018-2026 жылдар аралығындағы сегізжылдық кезеңге бөлуді (i), Топтың ақша табудағы қабілеті жоғары қолда бар активтерін (ii), қажет болған жағдайда күрделі шығындарды игеру кезеңдерін реттеу амалдарының болуын (iii) ескере келе, жобаны қаржыландыру қажеттілігі қолайлы болады деп күтіліп отыр. Жоба түрлі қаржыландыру көздеріне, оның ішінде ресейлік, қытайлы және халықаралық несие берушілерге қызықты болады деп жоспарланып отыр. Топ жоба аясындағы серіктестік мүмкіндіктерін техника-экономикалық негіздеме барысында зерттей алады.

Ақы төлеу құрылымы

Ішіне \$436 миллион ақшалай қаражат және жалпы сомасы \$239 млн⁴ құрайтын KAZ Minerals-тың 22 344 944 жаңа акция кіретін \$675 млн бастапқы ақы сатушыға (немесе акциялардың бастапқы шығарылымы болса – үлестес тұлғаларға) төленеді, мәмілені іске асыру бойынша кейінге қалдырылған шарттар орындалғаннан кейін 2019 жылдың бірінші жартысында бастапқы аяқталу күтіліп отыр. Бастапқы аяқтау мерзімдері мемлекеттік органдардан монополияға қарсы келісімдерді алуға, сонымен қатар, Ресейдің стратегиялық активіне шетелдік компания тарапынан инвестиция салуға рұқсат алуға байланысты.

Акция түріндегі бастапқы ақыға KAZ Minerals-тың 22 344 944 жаңа акцияларын шығару кіреді. Бұл компанияның³ қазіргі жарғылық капиталының 5,0% құрайды және акционерлік капиталды бөлшектеуге қарсы бірқатар ережелерді сақтауға, белгілі бір дивиденттерді түзеуге және өзге корпоративтік іс-әрекеттерге мәжбүрлейді. Сонымен қатар бұл акциялар бастапқы аяқталудың күнінен бастап үш жыл бойы сатуға тыйым салынады, ал бұл акцияларды нарықтық бағамен сатып алу кезінде KAZ Minerals Тобының айрықша құқығы (акционерлердің келісімін талап етеді) бар.

Кейінге қалдырылған ақының құрылымы сатушыға жобаны іске асырудағы қолдау көрсетуге жақсы түрткі болмақ. Мәміле аяқталған уақытта коммерциялық өндіріске жеткен күнге дейін жобаны іске асыру шарттары қанағаттандырылса, \$225 млн⁴ көлеміндегі кейінге қалдырылған төлем KAZ Minerals-тың акцияларымен төленеді. KAZ Minerals-тың 21 009 973 дейінгі акциялары, бұл қазіргі шығарылған акционерлік капиталының³ 4,7%, сатушыға немесе оның үлестес тұлғаларына арнап, кейінге қалдырылған ақы ретінде шығарылу мүмкін. Акционерлік капиталды бөлшектеуге қарсы бірқатар ережелерді сақтау, белгілі бір дивиденттерді түзеу және өзге корпоративтік іс-әрекеттерді қамтамасыз етеді. Жобаны іске асыру шарттарына мемлекет тарапынан көліктік және энергетикалық инфрақұрылымды салу, федералды салықтық жеңілдіктерді бекіту және келісілген шарттар негізінде Певек портынан жыл бойы концентрат жөнелтуге қол жеткізу кіреді. Егер жобаны іске асыру шарттары коммерциялық өндіріс күніне дейін орындалмаса немесе коммерциялық өндіріс мәмілені аяқтаудың шекті күніне дейін іске аспаса, акциялар арқылы кейінге қалдырылған төменің орнына (толықтай немесе бөлшектеп) сатушыға мәміленің аяқталуының шекті күніне ақы \$225 млн көлемінде ақшалай қаражатпен төленеді.

Мәміленің классификациясы

Ұлыбританияның листинг жөніндегі басқармасы бекіткен Листинг ережелері бойынша мәміле 2 класқа сәйкес келеді. Баимская лицензиясының заңды иесі – сатушының, яғни, Aristus Holdings Limited компаниясының 100% еншілес компаниясы – Баимская ТКҚК ААҚ. Сатушының бенефициар иелері – жеке тұлғалардың консорциумы, оның ішінде Роман Абрамович пен Александр Абрамов бар.

Мәміленің мәні болып табылатын жалпы активтердің баланстық құны – 2017 жылғы 31 желтоқсандағы мәліметке сәйкес \$136 млн құрайды, Баимская ТКҚК ААҚ қолжетімді соңғы біріккен бухгалтерлік балансы. Баимская ТКҚК ААҚ-ның салық салуға дейінгі шығыны 2017 жылы \$4 млн құрады.

KAZ Minerals даму әлеуеті

KAZ Minerals ТМД елдері аумағындағы ашық кеніштер негізінде мыс өндіру мен оны өңдеу жөніндегі ірі ауқымды, аз шығынды жобаларды іске асыруда дәлелденген қабілетке және мол тәжірибеге ие. Ол 2011-2017 жылдар аралығында бір уақытта екі осындай жобаны сәтті іске асырды. Қазақстандағы жобалардың тәжірибесіне сүйене отырып, Баимская жобасын KAZ Minerals-тың жобалық командасы іске асыратын болады.

KAZ Minerals Қазақстандағы сенімді өнеркәсіптік оператор ретінде Ресейдегі операциялық іс-қызметі барысында бірқатар артықшылықтарға сенім артып отыр. Оның ішінде тілдік кедергілердің болмауы, ұқсас бизнес мәдениеті, Ресей мен Қазақстан арасындағы тығыз саяси байланыстар, Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы артықшылықтар, сонымен қатар, суық ауа райы және алыс қашықтықтар жағдайында жұмыс істеу тәжірибесі.

Келесі қадамдар

Топ талдаушыларға мәміле бойынша егжей-тегжейлі мәліметті Лондон уақыты бойынша 2018 жылғы 2 тамызда сағат 11:00-де ұсынады

Мәмілені бастапқы аяқтаудағы ілгерілеу туралы және жалпы жоба туралы басқа ақпарат қажеттілікке орай берілетін болады.

Талдаушыларға арналған тұсаукесер Лондон уақыты бойынша 2018 жылғы 2 тамызда сағат 11:00-де өтеді, тұсаукесердің вебкасты www.kazminerals.com қолжетімді болады. Сонымен қатар, есту режимінде қатысу үшін конференц-қоңырау желісі ұсынылады. Келесідей мәліметтерді қолданыңыз:

Конференц-қоңырауға телефон соғу нөмірі - +44 (0) 20 3003 2701

Құпия сөз – 4667365#

Вебкаст - <http://view-w.tv/p/834-1089-20115/en>

Тұсаукесерді жүктеу (ағылшын) - <http://www.kazminerals.com/investors/presentation-library/>

Ескертулер

¹ Өндірістің 100% үлесі негізінде

² Техника-экономикалық негіздеме барысында растау шартымен игеру күрделі шығындарының 100% негізінде

³ Топтың балансындағы қазынашылық акцияларынан басқа

⁴ KAZ Minerals акцияларының орташа құны негізінде есептелген акциялардың құны, 2018 жылғы 31 шілдедегі мәліметке сәйкес және 30 күндік сауданың көлемін ескере отырып

⁵ Ақпарат көзі: Wood Mackenzie

⁶ Ақпарат көзі: Исследование Citi

Түсініктемелер мен терминдердің толықтай сипаттамасы хабарламаның ағылшын тіліндегі нұсқасында берілген

Қосымша ақпарат алу үшін келесі телефондар бойынша хабарласуға болады:

KAZ Minerals PLC

Анна Маллер	Қаржылық талдаушы, Инвесторлармен байланыс департаменті, Лондон	Tel: +44 20 7901 7814
Мақсұт Жапабаев	Корпоративтік байланыстар департаментінің басшысы, Алматы	Tel: +7 727 244 03 53
Алмас Садықов	Корпоративтік байланыстар департаментінің менеджері, Алматы	Tel: +7 727 244 03 53

РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

KAZ Minerals – Қазақстанда заманауи, азшығынды тау-кен өндірісін дамытуға бағытталған, өсу әлеуеті зор мыс өндіруші компания. Компания операциялық іс-қызметін Павлодар облысы мен ШҚО орналасқан Бозшакөл және Ақтоғай кен байыту кешендерінде, сонымен қатар Шығыс Қазақстанда орналасқан үш кеніш пен үш кен байыту фабрикасында және Қырғызстандағы Бозымшақ мыс-алтын кенішінде жүргізеді. 2017 жылы мыстың жалпы өндіріс көлемі 259 мың тоннаны құрады, ілеспе өнім ретінде 58 мың тонна концентраттағы мырыш, 179 мың унция алтын мен 3,506 млн. унция күміс өндірілді.

Топтың өндірістік кәсіпорындары – Бозшакөл мен Ақтоғай – саладағы ең қарқынды даму көрсеткіштерін қамтамасыз етіп, KAZ Minerals-ты қорының басым бөлігі әлемдік деңгейдегі ашық түрдегі кеніштерден тұратын компанияға айналдырмақ.

Операциялық шығындары бойынша Бозшакөл халықаралық мыс өндіруші кәсіпорындар арасында бірінші кварталға кіреді. Бозшакөл КБК кен байыту фабрикаларының жылдық толық қуаты 30 млн тонна кенді құрайды.

Кенішті пайдаланудың қалған мерзімі – 39 жыл. Кендегі мыс құрамы 0,35%. Өндіріс көлемі – алғашқы 10 жылда жыл сайын 100 мың тонна катод эквивалентіндегі мысты және 120 мың унция концентраттағы алтынды құрайды.

Ақтоғай – карьер типтес ірі ауқымды кеніш. Ол Бозшакөлге ұқсас. Кендегі мыс мөлшері 0,36% (оксидті кен) және 0,33% (сульфидті кен). Кенішті пайдаланудың қалған мерзімі – шамамен 28 жыл. Ақтоғайда оксидті кеннен катодты мысты өндіру 2015 жылдың желтоқсан айында басталды, ал сульфидті кеннен алғашқы мыс концентраты 2017 жылдың ақпан айында өндірілді. Сульфидті кенді қайта өңдейтін бірінші кен байыту фабрикасының жылдық қуаты есептік қуатына жеткенде 25 млн тоннаны құрайды. Ол сульфидті кенді өңдейтін екінші кен байыту фабрикасы 2021 жылдың соңына дейін өндірісті бастағанда екі еселеніп, 50 млн тоннаға дейін жетеді. Ақтоғай кен орнының операциялық шығындары халықаралық мыс өндіруші кәсіпорындарының арасында бәсекеге қабілетті болып табылады. Өндіріс көлемі – 2021 жылға дейін орта есеппен сульфидті кеннен өндірілетін 90 мың тонна мысты құрайды. Екінші кен байыту фабрикасы өндірісті бастағаннан кейін 2022-2027 жылдар аралығында сульфидті кеннен жыл сайын шамамен 170 мың тонна мыс өндірілетін болады. Оксидті кеннен 2025 жылға дейін жыл сайын шамамен 20 мың тонна мыс өндіріледі.

2018 жылдың тамыз айында Топ реттеуші органдардың тиісті рұқсаттарын алынса, РФ Чукот автономиялы округындағы Баимская мыс жобасы бойынша келісім туралы хабарлады. Баимская лицензиялы аумағындағы Песчанка кен орынын игеру пайдаланудың алғашқы он жылында жылына 250 мың тонна мыс өндіруді және 400 мың унция алтында қамтамасыз етеді деп күтілуде. Пайдалану мерзімі – 25 жыл шамасында.

KAZ Minerals PLC компаниясының құнды қағаздары Лондон және Қазақстан қор биржаларында айналымда. 2018 жылдың 1 тамызынан бастап Топ Гонконг қор биржасындағы айналымын тоқтатты. Топта шамамен 13 000 адам жұмыс істейді, олардың басым бөлігі Қазақстан азаматтары.

Бұл хабарламада ішкі ақпарат бар.